| | бірінің артынан нұсқаушының белгісімен бағытты және қарқынды өзгертіп жүру.<br>**Негізгі бөлімі:**<br>1. Жалпы дамыту жаттығулары. (8-кешен).<br>2. Спорттық жаттығу: шанамен сырғанау: бір-бірін сырғанатуды дамыту.<br>Негізгі қимыл: тепе-теңдік сақтау: көлбеу тақтай бойымен (ені 2 сантиметр, биіктігі 30-35 сантиметр) жүруді үйрету.<br>3. Қимылды ойын: «Шығыршық ішіне кір». Мақсаты: ойындарда жетекші рөлді орындауға үйрету және ойын ережелерін саналы түрде сақтауға баулу.<br>**Сөйлеуді дамыту**<br>Сурет бойынша әңгіме.<br>Демонстрация лық материалдармен жұмыс.<br>**Көркем әдебиет**<br>Сурет бойынша әңгімелесу.<br>Тақпақ:<br>Жапалақтап ақша қар,<br>Жауды күнде қайталап,<br>Қарға шықты балалар, | үйретуді жалғастыру, балаларды синоним сөздерді айта білуге жаттықтыру. Ойлау қабілеттерін дамыту. Ұйымшылдыққа, достыққа тәрбиелеу.<br>**Мүсіндеу**<br>Жерде жасанды қарлар жатады.<br>- Қар ұлпалары неге ұқсайды? Педагог: - Қар ұлпалары қандай керемет, өрнектерде бар екен. Ал мына қарлар еріп, жабысып, домалақтанып қалыпты. Кәне, осы қарларды тездетіп, екіге бөлініп, жинап тастайық. - Қазір жылдың қай мезгілі? Енді осы қыс мезгіліндегі көріністерді бақылайы.<br>Балалар ермексаздан қар ды мүсіндейді.<br>**Сурет салу**: «Қар кесегі»<br>Жұмбақ жасыру:<br>Қыста ғана болады,<br>Ұстасан қолың тонады<br>Ол не? (қар)<br>Сұрақ-жауап:<br>Қыс мезгілінде табиғатта ұандай өзгерістер бар?<br>Қос тілдік компонент: қар-снег. | бірінің артынан бірқалыпты жүгіру.<br>**Негізгі бөлімі:**<br>1. Жалпы дамыту жаттығулары. (8-кешен).<br>2. Негізгі қимылдар: әртүрлі қарқынмен, заттардың арасымен жүгіру; Бір орында тұрып қос аяқпен секіруге, алға қарай ұмтыла қос аяқпен затқа дейін (10-15 сантиметр) секіру.<br>Спорттық жаттығу: шанамен сырғанау: бір-бірін сырғанатуды дамыту.<br>3. Қимылды ойын: «Кім жылдам?». Мақсаты: ойындарда жетекші рөлді орындауға үйрету және ойын ережелерін саналы түрде сақтауға баулу.<br>**Қазақ тілі**<br>Шаттық толы шеңберге,<br>Қуанышпен еніңдер.<br>Сәлеметсіз бе!<br>Амандасу.Қалдарын сұрау.<br>Жыл мезгілін, апта күнін сұрау.<br>Меңгерілетін сөздер:Қыс,қар,аққала,жаңа жыл.<br>Дыбыстық жаттығулыр:<br>-Ыс- ыс- ыс келіп | Өзіне тән ерекшеліктерін ажырата білуге, өз ойын толық жеткізе білуге үйрету.<br>**Көркем әдебиет:**<br>өлең мәтінін қайталату арқылы өлеңді түсініп, есте сақтауға үйрету. Қыс мезгілінің адам денсаулығына пайдасын түсіндіру. Сурет бойынша өлең жолдарын талқылау «Суретші қыс» өлең К.Нүсіпбеков<br>Жұмбақ жасыру:<br>Жанамен зырғып жететін,<br>Шаңғы ,коньки тебетін<br>Аққала жасап ойнайтын<br>Қай мезгіл деп ойлайсың?<br>Сурет бойынша әңгімелесу.<br>«Суретші қыс»<br>Қонақтайды бақтарға,<br>Ақ көбелек,ақ мамық,<br>Аунап таза ақ қарға<br>Балалар жүр мақтанып,<br>Тазарып бар кір,шаңнан<br>Қыс өнерін бастады,<br>Терезеге қыраудан,<br>Сурет салып тастады. | бірінің артынан бірқалыпты жүгіру.<br>**Негізгі бөлімі:**<br>1. Жалпы дамыту жаттығулары. (8-кешен).<br>2. Негізгі қимылдар: көлбеу тақтайдың бойымен, доғаның, гимнастикалық скамейканың астынан өту; тура жолмен, сызықтармен шектелген (ені 20-25 сантиметр, ұзындығы 2-2,5 метр) жіптің бойымен жүру.<br>Спорттық жаттығу: шанамен сырғанау: бір-бірін сырғанатуды дамыту.<br>3. Қимылды ойын: «Үйшік». Мақсаты: ойындарда жетекші рөлді орындауға үйрету және ойын ережелерін саналы түрде сақтауға баулу.<br>**Сөйлеуді дамыту**<br>Қыс туралы жұмбақ жасырып, өлең жолдарын қайталап, түсінігін кеңейтіп, жыл мезгілінің ерекшелігін меңгерту.<br>**Мүсіндеу**<br>дәстүрден тыс пластилинография әдісімен қар қиыршығын мүсіндеуді үйрету. Қол моторикасын |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Шаңғыларын арқалап.<br>Сұрақ-жауап:<br>«Боран»ойыны<br>Үлестірмелі материалмен жұмыс<br>**Қоршаған ортамен таныстыру**<br>Қыстық киім түрлері бас,сырт,аяккиім туралы түсініктерін кеңейту.Ұл бала мен қыз баланың киімдерін ажырата білу.Өз-өзіне қызмет етудің қарапайым дағдыларын меңгерту.<br>**Мүсіндеу**<br>Балалар қазір жылдың қай мезгілі?<br>Ауа-райы қандай?<br>Қыста далада аяз болады<br>**Сөздік жұмыс; аяз**<br>Балалар бүгін біздер Әйгерімге баскиім мен мойынорағыш жасап берейік, сонда ғана ол таза ауаға бізбен бірге шыға алады.<br>Балаларға өзім дайындаған үлгіні көрсетемін.<br>Жұмыстың орындалу тәсілін көрсетіп, түсіндіру:<br>-ермексазды жұмсартып, екі бөлікке бөлеміз;<br>-алақанға салып | Дәстүрден тыс әдіс (тіс пастасы көмегімен) қар кесегін салуды ү йрету<br>**Жапсыру**<br>Саусақты батыру арқылы қардығ суретін салып жұмыстану.<br>**Құрастыру**<br>Қағазды умаждау арқылы қар кесегін құрастыру.<br>**Математика негіздері**<br>«Заттардың жұбын тап.Қай киімдердің жұбы жоқ»<br>Балаларға жұп заттарын сызық арқылы қосу керектігін түсіндіремін.Балалар р сызық арқылы қосып жұмыстанады. | жетті қыс<br>-Ар- ар -ар жауады қар<br>Дидактикалық ойындарға арналған көрнекіліктер. "Кел, сәлемдесейік!" жаттығуы<br>Ғажайып сәт.<br>"Дананың киімдерін ата!"<br>"Қыс қызығы" сергіту сәті (іс-қимылдарын келтіріп өлең жолдарын айту.<br>"Қолғаптардан ұлпа қарларды тазалау"<br>Суретпен жұмыс.Қыс мезгілі.Балалар өте көңілді аққала жасауда.Кей бабалар шанамен сырғанауда.<br>**Сөйлеуді дамыту**<br>Әңгіме құрастыруға үйретуді жалғастыру.Киім (түс және мөлшер),әрекет (тебеміз,жүгіреміз,ойнаймыз т.б.) атауларын бекіту,қарама-қарсы мағынадағы сөздерді қолдану (жылы-суық,ткрды-құлады,)<br>«Т» дыбысын және сөздерді дұрыс және анық айтуға жаттықтыру. .<br>**Көркем әдебиет**<br>Өлең мазмұнын түсіндіремін.Екі | Д/О:<br>«Шырша,қоян,бұр»<br>Мақсаты: белгі бойынша қимылдар жасайды.<br>**Қоршаған ортамен таныстыру**<br>Балалар мына суретке зейін қойып, назар аударыңызшы.<br>Суретте қыс мезгіліне тән қандай ерешеліктер бейнеленген?<br>**-**Қыс мезгілі слайд көрсету.<br>Боран, жел дыбыстарын тыңдату.<br>- Қыс айларын кім атап береді?<br>-желтоқсан<br>-қаңтар<br>-ақпан.<br>Сергіту сәтін жасаймыз.<br>Боран соғар он жақтан<br>Боран соғар сол жақтан<br>Қар лақтырып ойнасақ<br>Су өтеді қолғаптан<br>Дидактикалық ойын<br>**"Кім қайда тұрады."**<br>Ойынның шарты: балалар аңдардың үйін дұрыс таба білу, ойлау қабілеттерін дамыту.<br>**Мүсіндеу, сурет салу**<br>«Аққала» өлеңімен | дамыту.<br>**Сурет салу**<br>Балаларды үрмелі трубочкалармен клясография әдісімен ағашты, мақта таяқшаларымен қарды, қатты қылқаламмен ағаштағы қарларды, қолдану арқы қысқы пейзаж жасап үйрету, суретті таза, әдемі, эстетикалық талғамға сай салу дағдыларын дамыту<br>**Жапсыру**<br>Жаңа жыл мерекесі туралы білімдерін кеңейту. Шаршыдан дөңгелектер қиюға үйрету. Жұмысты соңына дейін бітіруге дағдыландыру.<br>Ортада шырша тұрады)<br>-Балалар мынау не?<br>Шыршаның түсі жасыл. Шырша қылқан жапырақты ағаш. Шырша тауда және орманда көп өседі.<br>Балалалар қиылған қағаз бөліктерінен шыршаны жабыстырып жұмыстанады.<br>**Құрастыру**<br>Жұмбақ.<br>Тікен-тікен тік пісте,<br>Қысы-жазы бір түсте. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | айналдыра отырып домалақтаймыз;<br>-домалақты жалпақтап, бас бармақпен ортасынан басып, қуыс жасаймыз;<br>-екіншісін «шұжықша» пішінге келтіріп, жалпақтаймыз.<br>Балалардың жасаған жұмыстарын көрмеге қою.<br>**Сурет салу** Суретпен жұмыс<br>Сұрақ-жауап.<br>Үлгіні талдау. Қарандаштарды дұрыс ұстап, шығармай бояуларын қадағалау.<br>Бояумен және қағазбен жұмыс жасау дағдыларын дамыта отырып, түсу қағаз бетіне нүктелерді түсіруді үйрету.<br>Д\о: «Аққала»<br>Өзінің және басқалардың жұмысын бағалауды үйрету. Техникалық дағдылармен біліктерді игерту. | | қайтара оқып беру.<br>Қыр басына шарқ ұрып,<br>Бір орында тұрмаймыз,<br>Шана сүйреп барамыз,<br>Қырдан төмен ағамыз,<br>Қалдық тіпті алқынып,<br>Ұшқан құстай зулаймыз<br>Қандай ауыр шанамыз?!<br>Қандай жеңіл шанамыз?!<br>(Қадір Мырза Әли)<br>Әңгімелесу.<br>Суретпен жұмыс: шана суретін көрсетіп,сурет бойынша әңгімелесу.<br>Д/О: «Қысқы киімдерді ата және киіндір»<br>**Қоршаған ортамен таныстыру**<br>Қысқы табиғат туралы түсінік беруді жалғастыра отырып, жауған қарды әңгімелеу. Қардың қасиеттері жайлы тәжірибе жасау арқылы түсіндіру. Бақылау дағдыларын жетілдіру.<br>**Мүсіндеу**<br>-Балалар ,сіздер қыс мезгілінде немен ойнайсыздар? | таныстыру (жаттау).<br>Аққала қардан жасалады, оның әрбір бөлшегі дөңгелектен тұрады. Ендеше балалар бізде аққала жасап көрейік. Алдымен алақанның ортасына салып дөңгелетеміз, сонан соң оларды бір - бірінің үстіне қойып жабыстырамыз.<br>Қолдарын жабыстырып, басына қалпағын кигізіп, көзін жабыстырамыз, сонан соң аузын саламыз. Ермексазды ширатып мұрнын жасаймыз.<br>Мүсіндеп балаларға көрсету. | -Бұл не?<br>-Сендер жаңа жыл мерекесін жақсы көресіңдер ме?<br>-Ал жаңа жыл мерекесінде не міндетті түрде болу керек?<br>-Шыршаны қайдан алуға болады?<br>Рошкиді пайдалану арқылы шырша құрастыру.<br>Сурет бойынша жұмыс.<br>Сергіту сәті.<br>Қар үстінде қар, қар,<br>Шыршаүсті қар, қар,<br>Ағаш түбінде ақ аю,<br>Ұйықтап қалыпты.<br>Тыныш,тыныш балақай,<br>Шуламаймыз біз бұлай.<br>Қостілдік компонент: Шырша-елка<br>**Математика негіздері**<br>**Ойын: «Шаршыны бастырып сыз»**<br>Бір үлкен, бір кішкентай шаршының суреті салынған үлестірмелі қағазды әр балаға таратып беремін. Суреттегі шаршыны бағыт сызығын бойлай қолмен басып шығуды тапсырамын.<br>**Сөздік жұмыс:** шаршы. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | -Шанамен, қармен ойнайсыздар.<br>-Біздер қар жауғанда шанамен ойнауға дайынбыз ба?<br>-жоқ дайын емеспіз ия.<br>Біздер бүгінгі ұйымдастырылған іс –әрекетінде шананы мүсіндеп жұмыстанамыз.<br>Балалаларды екі топқа бөлемін.<br>1топ жгутты пайдалану арқылы шананы мүсіндеп жұмыстанады..<br>**Құрастыру**<br>Таяқшаларды пайдалну арқылы қар құрастырады.<br>Балалар, қардың түсі қандай болады?<br>-қардың түсі ақ болдаы.<br>Қарды неден құрастырып жатырсыздар?<br>-қарды таяқшалардан құрастырып жатырғандарын айтады.<br>**Математика негіздері**<br>«Жыл мезгілін ата.Суретші нені шатастырды?»<br>Суреттегі жыл мезгілін атайды.<br>-Осы суретте суретші нені қате салды? | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | Суреттегі бала үстіне қандай киім тұр<br>-Қыс мезгілінде бала жаз мезгілінде киетін киіммен сырғанақ тебуі мүмкін бе?<br>Балалар, суретшінің қатесін табады. Тапсырманы өздері орындайды. | | |
| **Серуенге дайындық** | Киімдерін рет ретімен киінуін қадағалау.<br>Балалалардың серуенге деген қызығушылықтарын туғызу.**(сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету)**<br>Дұрыс киіну дағдылары туралы әңгімелесу | | | | |
| **Серуен** | Картотека№ 19 | Картотека № 12 | Картотека№ 5 | Картотека№ 1 | Картотека№ 17 |
| **Серуеннен оралу** | Топқа оралу кезінде қатарға тұру дағдыларын үйрету. Санамақ, мақал-мәтел жаттату. **(көркем әрекет, дербес ойын әрекеті)** | | | | |
| **Түскі ас** | Тамақ ішер кезінде,<br>Сөйлемейміз күлмейміз.<br>Астан басқа өзгені.<br>Елемейміз білмейміз.<br>Ермек .Өтетілеуов<br>(Қазақ тілі***)<br>Үстел басында тамақтану ережесін қадағалау. | | | | |
| **Күндізгі ұйқы** | Балаларға тыныш ұйықтауға жағдай жасау.<br>Тамақтан соң қолдарын жуғызып, киімдерін дұрыс жинауды қадағалау. **(өзіне-өзі қызмет ету, саусақ моторикасын дамыту)** | | | | |
| **Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары** | Ұйқыашар жаттығулар кешені №4<br>Топқа киетін киімдерін дұрыс кигізіп, түймелерін өзбеттерімен тағуларын қадағалау.<br>Қолдарын жуу.құрғатып сүрту, сүлгіні дұрыс іліп қоюды үйрету.**(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Бесін ас** | Балалардың назарын тағамға аудару;Тамақтың құрамымен таныстыру. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | **Жапсыру**<br>Суреттермен жұмыс.<br>Қыс мезгілінің суреттері<br>Ағаштардың қысқы тіршілігіне назар аударту.Олар қыста да тіршілік етуін тоқтатпайды.Қарайық шы ағаштар | **Көркем әдебиет**<br>Өлең жолдарын мәнерлеп оқып беру.Автормен таныстыру.<br>Далада қар борайды,<br>Ақ мамыққа орайды.<br>Мұз болады,қатады,<br>Жып-жылтыр боп жатады. | **Жапсыру**<br>2топ балалары .<br>Түрлі түсті қағаздан шананы жабыстырып жұмыстанады.<br>Желімді қағазға жағып, ұқыпты жабыстырады.<br>Балалардың жасаған жұмыстарын бағалап | **Жапсыру, сурет салу**<br>Фетр бумагадан аққала жапсыру.<br>Дидактикалық ойын: «Қарды жинау»<br>Мақсаты:Балаларды шапшаңдыққа үйрету.<br>**Құрастыру:**<br>жіппен жұмыс жасай | **Көркем әдебиет**<br>Өлең жолдарын мәнерлеп оқу.Автормен таныстыру.<br>Ә.Дүйсенбиев<br>Қыс мезгілі туралы түсіндіру.<br>Өктем үн жоқ өзінде,<br>Мұз қабағын түйіпті. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | түгелімен аппақ.Себебі оларды қар жамылған.Қысқы ағаштарды жабыстырып жұмыстанады.<br>**Құрастыру**<br>«Аққала»<br>Қима суреттерден аққаланы құрастыруға үйрету.<br>**Математика негіздері**<br>Тосын сәт: Дымбілмес келеді.<br>1.Мына баланың бойы ұзынба,қысқа ма?<br>Мынау қандай жолдар?<br>2.Көк жолақшаның үстіне қызыл жолақшаны қойсақ қай жолақша ұзын болады?<br>Д/О: "Байқағыш"<br>Мақсаты: заттың түрін,көлемін ажырата білуге үйрету. | (А.Тоқмағамбе тов)<br>«М»,«Н»дыбыс тарына жатттығу орындату.<br>М-м-м-мұз,<br>Ма-ма-ма-марал,<br>На-на-на-нан,<br>Н-н-н-нар.<br>Қоршаған ортамен таныстыру Жұмбақ жасыру:<br>Қоймасын қыс ақтарып,<br>Жерді жапты ақ мамық<br>(қар)<br>Балалар мен сендерге қазір слайдтан жыл мезгілдерінің суреттерін көрсетемін. Егер де қазіргі жыл мезгілдері кездессе «иә, иә, иә» деп, қолдарыңды шапалақтайсыңдар.<br>Егерде басқа жыл мезгілдері кездессе «жоқ, жоқ, жоқ» деп жауап беріп, аяқтарыңды топырлатасың дар.<br>Сұрақ-жауап:<br>Сурет бойынша әңгімелесу.<br>Қарға тәжірибе жасау.<br>Қостілдік компонент: қар-снег. | мадақтаймын.Көрмег е қою.<br>**Сурет салу**<br>Жырту әдісі арқылы бейнелермен сюжетті толықтыруға үйрету. Қыс мезгілінің ерекшеліктері туралы түсініктерін кеңейту; суретке қарап қыс мезгілін салуды үйрету | білуге үйрету, қиылған жіптерден аққаланың бейнесін жасауда саусақ қимыл-қозғалыстарын дамыту<br>**Математика негіздері**<br>«Үшкір және тікенді заттарды сызық арқылы қос»<br>Бейнеленген заттарды ата.<br>Қай заттар суық болуы мүмкін.Оларды сызық арқылы қос.<br>-Басқа қандай суық , жұмсақ заттарды білесің?<br>Балалар үшкір және тікенді заттарды сызық арқылы қосып жұмыстанады. | Қысылатын біздер ме, Қыста бізге сүйікті.<br>**Қоршаған ортамен таныстыру**<br>жыл мезгілінің ерекшеліктері туралы түсінігін қалыптастыру. Қыс мезгіліндегі табиғат көріністерін сурет бойынша әңгімелеп, ерекшеліктерін айту. Аяз, боран, қар жауу секілді табиғат құбылыстарын жеке жеке талқылау, бақылау жүргізу. |
| **Балалармен жеке** | **Коммуникативтік** | **Физикалық** | **Танымдық** | **Шығармашылық** | **Әлеуметтік** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **жұмыс** | **дағды**<br>*Айша*<br>артикуляциялық жаттығуларды орындайды | **қасиеттерді дамыту**<br>*Досымжан*<br>ересектермен бірге дене жаттығуларын орындай алады | **жәнезияткерлік дағды**<br>*Асылай*<br>заттардың көлемін, түсін және пішінін білдіретін сөздерді түсінеді;<br>заттардың санын ажыратады | **дағды**<br>*Еркежан*<br>өзінің салған суретіне қуанады, онда не бейнеленгенін айтады; | **эмоционалды дағды**<br>*Адия*<br>заттарды және олармен әрекет етуді біледі, оларды суреттен таниды |
| **Серуенге дайындық** | **1.Сөйлеуді дамыту-коммуникативтік әрекет**<br>**2. Дене шынықтыру- коммуникативтік ойын әрекет.** | | | | |
| **Серуен** | Қимылды ойын:<br>«Жамбы ату»<br>\дене шынықтыру **\ | Қимылды ойын:<br>«Қатырамын»<br>\дене шынықтыру **\ | Қимылды ойын:<br>«Торғайлар мен автомобиль.»<br>\дене шынықтыру **\ | Қимылды ойын:<br>«Құстар»<br>\дене шынықтыру **\ | Қимылды ойын:<br>«Жамбы ату»<br>\дене шынықтыру **\ |
| **Балалардың үйге қайтуы.** | Таңертеңгілік жаттығу киімі туралы әңгімелесу. | Балалардың балабақша кешікпей келуін ескерту. | Ата-аналарға кешкісін ертегі айтуға ұсыныс жасау. | Кеңес: Бала өміріндегі ойыншықтың маңызы | Ата-анаға ұсыныс.<br>Үйден балаларға балабақшаның мекен-жайын жаттату. |

**Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы**

**Білім беру ұйымы «Мадагаскар» жеке балабақшасы**
**Топ: «Айгөлек» ортаңғы тобы.**
**Балалардың жасы: 3- жас**
**Тәрбиеші: Ахметқалиева А.А**
**Жоспардың құрылу кезеңі: Желтоқсан айы 26 -30.12.2022ж**

| Күн тәртібінің үлгісі | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Коммуникативтік ойын әрекеті. Қабылдау. балаларды көңілді музыкамен қарсы алу. Балалардың демалыста қалай демалғанын сұрау. | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Ата-аналармен баламен демалысты қалай өткізгендігі туралы әңгімелесу. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | **Шығармашылық, коммуникативтік әрекет**<br>«Бұл қай кезде болады?<br>Мақсаты: жыл мезгілінің өзіндік ерекшеліктерін атай білуге үйрету.<br>Сөздік минимум: қар, жел, суық<br>**Қазақ тілі*** ** | **Шығармашылық коммуникативтік әрекет**<br>Боямақ<br>Ертегі желісіндегі кейіпкерлерді бояу. | **Еңбек танымдық ойын әрекет**<br>Гүлдердің жапырақтарын шаңын сүрту.<br>Сөздік минимум: гүл, жапырақтар.<br>**Қазақ тілі*** ** | **Коммуникативтік ойын әрекет**<br>Жаңылтпаш , мақал – мәтел кітаптарын бірге қарау | **коммуникативтік ойын әрекеті.**<br>**Шаттық шеңбер**<br>Шеңбер бойлап жүреміз,<br>Әр гүлге көңіл бөлеміз.<br>Сұлулық пен махаббатты<br>Сезініп өмір сүреміз. |
| **Таңертеңгі жаттығу** | Таңертеңгі жаттығу. № 4 | | | | |
| | (Дене шынықтыру**)<br>Коллонада жүру. Жеңіл жүгіру. Жұп болу тұру және жүру. Звеноға тұру.<br>«Кубиктермен соғу»Б.қ аяқтары сәл алшақ қойылған ,кубиктер төменде .<br>Қолдарын жоғары көтеру,кубиктермен соғу. 5рет қайталау. | | | | |
| **Таңғы ас** | Таңғы астың құрамымен таныстыру.Тағамдардағы витамендермен таныстыру.<br>Коммуникативтік , танымдық еңбек әрекеті( ыдыс қойған кезекшілердің әрекеті) | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | Жаңа жыл мерекесі туралы тақпақ жаттау. | Жаңылтпаштан жаңылмаймыз. | Тіл ұстарту жаттығуы | Жұмбақ шешу. | Суреттер топтамасын қарау.<br>Сөздік минимум:<br>Жаңа жыл, шырша<br>**Қазақ тілі*** ** |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Дене шынықтыру**<br>**Кіріспе бөлімі:** Сапта бір-бірінің жанына тұру, сәлемдесу. Бір-бірінің артынан бірқалыпты жүгіру.<br>**Негізгі бөлімі:** | **Музыка**<br>**Кіріспе бөлімі**:<br>Балаларды жақсы көңіл күйде қарсы алу.<br>Саппен шеңбер бойымен адымдап жүру. Амандасу. | **Дене шынықтыру**<br>**Кіріспе бөлімі:** Сапта бір-бірінің жанына тұру, сәлемдесу. Бір-бірінің артынан бірқалыпты жүгіру.<br>**Негізгі бөлімі:** | ақшақар<br>**Сөйлеуді дамыту**<br>Сурет бойынша әңгіме.<br>Демонстрация лық материалдармен жұмыс. | **Дене шынықтыру** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | 1. Жалпы дамыту жаттығулары. (8-кешен).<br>2. Негізгі қимылдар: бірқалыпты, шашырап, берілген бағытта жүгіру; екі қолмен, әртүрлі тәсілдермен әртүрлі бастапқы қалыпта 0,5-1,5 метр арақашықтықтағы нысанаға лақтыру.<br>Спорттық жаттығу: шанамен сырғанау: бір-бірін сырғанатуды дамыту.<br>3. Қимылды ойын: «Құстар мен жаңбыр». Мақсаты: ойындарда жетекші рөлді орындауға үйрету және ойын ережелерін саналы түрде сақтауға баулу.<br>**Сөйлеуді дамыту**<br>Сурет бойынша әңгімелеу.<br>Демонстрация лық материалдармен жұмыс.<br>Шаттық шеңбері:<br>Жеке жұмыс жүргізу.<br>**Көркем әдебиет**<br>Шана өлеңін мәнерлеп оқу.<br>Өлең мазмұнымен таныстыру.<br>Шығарманың мазмұнына өз көз қарасын білдіруге тәрбиелеу. | Жылулық шеңбері.<br>Дауыс жаттықтыру.<br>**Негізгі бөлімі**<br>Ән айту: «Ақша қар» А.Тоқмағанбетов.<br>Музыкалық аспаптарында ойнау: «Аққаланы жылдам киіндір» Г.Абдрахманова.<br>Музыкалық- ырғақты қимыл: «Ормандағы аңдар»<br>**Қорытынды бөлімі:** Д\о: «Тез жауап бер» текшедегі суреттерге тез жауап беру.<br>**Сөйлеуді дамыту**<br>Аяз ата мен ақшақар бейнеленген суреттерді қарастыру.Суреттер топтамасын қарау.<br>Дидактикалық ойын: **«**Шырша шамдарын безендірейік»<br>**Көркем әдебиет**<br>Өлең мазмұнымен таныстыру.Өлең жолдарын екі қайтара оқып беремін.<br>«Тәтті қыс»<br>Ау, балалар,балалар!<br>Айналаға ұарандар!<br>Биыл тәтті қыс болды,<br>Бұл бір сәтті іс болды.<br>**Мүсіндеу** | 1. Жалпы дамыту жаттығулары. (8-кешен).<br>2. Негізгі қимылдар: әртүрлі қарқынмен, заттардың арасымен жүгіру; Бір орында тұрып қос аяқпен секіруге, алға қарай ұмтыла қос аяқпен затқа дейін (10-15 сантиметр) секіру.<br>Спорттық жаттығу: шанамен сырғанау: бір-бірін сырғанатуды дамыту.<br>3. Қимылды ойын: «Кім жылдам?».<br>Мақсаты: ойындарда жетекші рөлді орындауға үйрету және ойын ережелерін саналы түрде сақтауға баулу.<br>**Қазақ тілі**<br>2.**Суретпен жұмыс**.Отбасы мүшелері туралы түсіндіру.<br>3. «Менің отбасым» сөздік ойыны.<br>Шарты: қазақ тіліндегі сөздерді дұрыс айтып, сөздегі қазақ тіліне тән ә дыбыстарын ойын жаттығуларында дұрыс айта алады.<br>3. **Дыбыстық жаттығулар:**<br>от-от-от- отбасы, та- | **Көркем әдебиет**<br>Тақпақ: «Қар»<br>Өлең жолдарын жаттату.<br>Демонстрациялық материалдармен жұмыс.<br>Ақ мақтадай ұлпа қар,<br>Жамылыпты қырқалар<br>Қалың-қалың тон киіп,<br>Маужырайды шыршалар<br>Ш.Әлдибекұлы<br>**Қоршаған ортамен таныстыру**<br>Жұмбақ жасыру:<br>Қоймасын қыс ақтарып,<br>Жерді жапты ақ мамық<br>(қар)<br>Сұрақ-жауап:<br>Сурет бойынша әңгімелесу.<br>Қарға тәжірибе жасау.<br>Қостілдік компонент: қар-снег.<br>Ағаштарды бақылау.<br>Қысқы табиғат аясындағы серуенді ұйымдастыру.<br>**Математика негіздері**<br>«Биік-аласа.<br>Оң жақта- сол жақта»<br>Саусағыңды нұсқама бағытымен жүргіз тапсырмасын | **Кіріспе бөлімі:** Сапта бір-<br>**Негізгі бөлімі:**<br>1. Жалпы дамыту жаттығу<br>2. Негізгі қимылдар: көлбе<br>сантиметр, ұзындығы 2-2,<br>Спорттық жаттығу: шанам<br>3. Қимылды ойын: «Үйші<br>**Қортынды бөлімі:** балала<br>**Сөйлеуді дамыту**<br>Балаларды сурет бойынша әңгіме құруға үйрету.Өз ойын толық жеткізе білуге үйрету.<br>**Жапсыру**<br>Дайын үлгіге қарап жаңа жылдық шыршаға ойыншықтар жапсыру.<br>Ұқыпты, клеймен дұрыс жұмыстану дағдыларын дамыту.<br>**Мүсіндеу**<br>Балалар ,сіздер қыс мезгілінде немен ойнайсыздар?<br>-Шанамен, қармен ойнайсыздар.<br>-Біздер қар жауғанда шанамен,шаңғымен ойнауға дайынбыз ба?<br>-жоқ дайын емеспіз ия.<br>Біздер бүгінгі ұйымдастырылған іс –әрекетінде шанғыны мүсіндеп жұмыстанамыз.<br>Балалалар |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Авторы:Қадыр. Мырза .Әлі<br>**Қоршаған ортамен таныстыру**<br>Жұмбақ жасыру:<br>Шанамен сырғанап келемін,<br>Шаңғы,коньки тебемін,<br>Аққала жасап ойнайтын.<br>Қай мезгіл деп ойлайсың?<br>Балаларға қыс мезгіліндегі табиғат құбылыстарын айтқызады.Қыс мезгіліндегі ойын түрлерін еске түсіреді,қыс мезгілін ақ ұлпа қарсыз,аясыз,аққалас ыз,суықсыз елестету мүмкін еместтігін айтады.<br>Балалар,мына жұмбақтарды шешіп көрейікші:<br>Зулап түсіп төменге,<br>Шыға алмас менсіз төбеге.<br>Қыста адамдар биік төбелерден шанамен сырғанап,мұз айдынында коньки тебетінін айтамын.<br>**Жапсыру**<br>саусақ қимылдарын дамыта отырып, ұқыпты таза жапсыруға, қағаз бетіне дұрыс | Ойын жағдаят<br>-Балалар, менің жұмбағымның жауабын табыңдар.<br>Мені ешкім өсірген жоқ,<br>Қыста ғана боламын.<br>Қөздерім қара көмірден,<br>Мұрным менің сәбізден.<br>Суықпын,аппақпын,<br>Мен кім екенмін?<br>(аққала)<br>Ермексазды алақанға салып айналдырып, әртүрлі көлемдегі домалақтар жасау және оларды өзара біріктіруді үйрету.<br>**Сурет салу**<br>Ниткография әдісімен үшбұрыш пішіндер пайдалану арқылы қысқы табиғатты бейнелеуге үйрету, ұсақ моторикасын дамыту,ұқыптылыққа тәрбиелеу.<br>**Құрастыру**<br>Жұмбақ жасырамын:<br>Тікен-тікен тік пісте,<br>Қысы жазы бір түсте.<br>(шырша)<br>Жұмыстың жасалу жолын түсіндіремін.<br>Жасыл түсті қағаздардың бірнешеуін балаларға таратып беремін, оның диагоналы бойынша | та-та-тату, ә-ә-әке, ә-ә-әже<br>**Сөздікпен жұмыс:**<br>Отбасы , ата , әже , әке, ана , аға , апа , іні , сіңлі,бөпе<br>4. **Сергіту сәті .** «Біз нешеуміз»<br>5. **Ойын:** «Суретті ата» **Мақсаты:** Жуан және жіңішке түбір сөздерді ажырату.<br>Аяз ата аққала<br>**Сөйлеуді дамыту**<br>Ғажайып сәт:<br>Сурет бойынша әңгіме.<br>Барысы: жаңа жыл мерекесі туралы түсінік беру. Сұраққа жауап беру.<br>Дидактикалық ойын: «Шырша шамдарын безендір»<br>**Көркем әдебиет**<br>Өлең жолдарын мәнерлеп екі қайтара оқып беремін ,мазмұнын түсіндіремін.<br>Тақпақ:<br>Қыстың аппақ қаламы,<br>Ағартыпты қаланы,<br>Аялап жүр аяз кеп,<br>Ауладағы баланы.<br>**Қоршаған ортамен таныстыру**<br>Тосын сәт<br>Музыка әуенімен аққала кіреді.<br>Сұрақ-жауап: | орындау.<br>Суретпен жұмыс.<br>Д\о: «Биік-аласа»<br>**Сурет салу**<br>Суретпен жұмыс<br>Сұрақ-жауап.<br>Үлгіні талдау.<br>Қарандаштарды дұрыс ұстап, шығармай бояуларын қадағалау.<br>Бояумен және қағазбен жұмыс жасау дағдыларын дамыта отырып, түсу қағаз бетіне нүктелерді түсіруді үйрету.<br>Д\о: «Аққала»<br>Өзінің және басқалардың жұмысын бағалауды үйрету. Техникалық дағдылармен біліктерді игерту. | ермексаздан шаңғыны мүсіндейді.<br>**Сурет салу**<br>саусақты батыру арқылы шыршаны бастырып салу.<br>**Құрастыру**<br>Балмұздақ таяқшаларынан шырша құрастыру.<br>**Математика негіздері**<br>Тосын сәт:<br>Дымбілмес келеді.<br>1.Мына баланың бойы ұзынба,қысқа ма?<br>Мынау қандай жолдар?<br>2.Көк жолақшаның үстіне қызыл жолақшаны қойсақ қай жолақша ұзын болады?<br>Д/О: "Байқағыш"<br>Мақсаты: заттың түрін,көлемін ажырата білуге үйрету. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | орналастыра білуге қалыптастыру.<br>Жұмыртқа қабығын уатып , шананы бейнелеп жапсыру.<br>**Мүсіндеу**<br>Шыршаның суретін тақтаға іліп, балаларға Жаңа жыл мерекесіне арналған өлең жолдарын еске түсіруді ұсынамын.<br>Ойыншықты мұншама<br>Кім ілді екен шыршаға.<br>Маңдайында жұлдызы –<br>Жарқырайды соншама.<br>«Бірдей ойыншықты тап!» ойынын ұйымдастырамын.<br>Ұқсас бірнеше шырша ойыншықтарының ішінен, бірдей ойыншықтарды тапқызамын.<br>**Жұмыстың орындалу тәсілін көрсетіп, түсіндіру:**<br>-түрлі түсті ермексазды бірнеше бөлікке бөлу;<br>-әр түсті домалақтар жасау;<br>-әр түсті сәбіз пішіндес денелер жасау;<br>-жасаған ойыншықтарды | үшбұрыштап бүктеуді көрсетемін, бірнеше үшбұрыш жасауды ұсынамын.<br>Қостілдік компонент: Шырша-елка-жасыл-зеленый.<br>**Математика негіздері**<br>«Өзіңнің сүйікті жыл мезгіліңді тап және боя»<br>Сұрақ-жауап.<br>Суретте қай жыл мезгілі бейнеленген?<br>Қысқы ағашты бояу үшін қандай түсті қолданар едің?<br>Балалар өзінің ұнатқан жыл мезгілінің суретін бояп әңгімелейді. | Сергіту сәті:<br>Тоңса біздің қолымыз,<br>Қолғапты киіп аламыз,<br>Сарт-сарт-сарт шапалақты соғамыз,<br>Тоңса біздің аяғымыз,<br>Етікті киіп аламыз,<br>Топ-топ-топ топылдап билейміз.<br>Д/о: «Не артық»<br>Қостілдік компонент: қар-снег, қыс-зима.<br>**Жапсыру**<br>Фетр бумагадан қысқы табиғат пейзажын жапсыру.<br>**Мүсіндеу**<br>Жгутты пайдаланып қысқы малақай мүсіндеу.<br>**Сурет салу**<br>Суретпен жұмыс<br>Сұрақ-жауап.<br>Үлгіні талдау. Қарандаштарды дұрыс ұстап, шығармай бояуларын қадағалау.<br>Бояумен және қағазбен жұмыс жасау дағдыларын дамыта отырып, түсу қағаз бетіне нүктелерді түсіруді үйрету.<br>Д\о: «Аққала»<br>Өзінің және басқалардың | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | шыршаның үстіне қою.<br>**Сурет салу**<br>Алдымен қылқаламмен шананың екі жолағын сызып аламыз,бұл шананың сырғанайтын табаны болады.<br>Жіңішке қылқаламмен отыратын бөлігіндегі таяқшаларын сызып саламыз. | | жұмысын бағалауды үйрету. Техникалық дағдылармен біліктерді игерту.<br>. | | |
| **Серуенге дайындық** | Балалалардың серуенге деген қызығушылықтарын туғызу.<br>Ұқыпты киіне білуге, бір- біріне көмектесе білуге үйрету. **(сөйлеуді дамыту, өз-өзіне қызмет ету дағдылары )** | | | | |
| **Серуен** | Картотека№ 3 | Картотека№ 7 | Картотека № 12 | Картотека№ 17 | Картотека№ 20 |
| **Серуеннен оралу** | Киімдерін рет ретімен киінуін қадағалау.Санамақ, жаңылтпаш жаттату. (қазақ тілі *** ) | | | | |
| **Түскі ас** | Тамақ ішер кезінде,<br>Сөйлемейміз күлмейміз.<br>Астан басқа өзгені.<br>Елемейміз білмейміз.<br>Ермек .Өтетілеуов<br>(Қазақ тілі***)<br>Балалардың назарын тамаққа аудару, мәдениетті тамақтануға, үйрету. | | | | |
| **Күндізгі ұйқы** | Тамақтанып болған соң , қолдарын жуып сүлгіге дұрыс сүртуді дағдыландыру.<br>Топқа киетін киімдерін ретімен орындыққа ілуді үйрету. ( өзіне-өзі қызмет ету, саусақ қол маторикасын дамыту.) | | | | |
| **Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары** | Ұйқыашар жаттығу кешені № 4<br>Киімдерін өздері киінуді қадағалау. Қыз балалар мен ұлдардың аяқ киім бауларын дұрыс тағуды үйрету.(өзіне-өзі қызмет ету)<br>Қолдарын сумен жууды қадағалау. (мәдени –гигиеналық дағдылар) | | | | |
| **Бесін ас** | Балалардың назарын тағамға аудару;Тамақтың құрамымен таныстыру. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | **Құрастыру**<br>Макарон өнімдерінен шырша құрастыру.<br>Балалардың жасаған жұмыстарын бағалап, мадақтаймын.Көрме ұйымдастырамын.<br>**Математика негіздері** | **Қоршаған ортамен таныстыру**<br>Қыста қандай өзгерістер болады?<br>-Қыс мезгілі сендерге ұнайды ма?<br>-Қыс мезгілінде қандай мерекелерді атап өтеміз? | **Құрастыру**<br>«Жаңа жылдық ойыншықтар»құрас тыру<br>Сұрақ-жауап:<br>Қыста далада қандай өзгерістер болады?<br>Қыста қандай мерекелер бар? | **Жапсыру**<br>Мақтаны пайдалну арқылы қар жапсырып жұмыстану.<br>**Мүсіндеу**<br>-қысқы ағаштарға бақылау жасап , ағашқа қонған | **Көркем әдебиет**<br>«Қыс қызығы» тақырыбында суреттер топтамасымен жұмыс.<br>Сурет бойынша әңгімелеу.<br>Демонстрациялық |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | «Суретші нені шатастырды?» дидактикалық ойын. Суреттерге мұқият қара .Алма ағашында не ілініп тұр?Шырша ағашында не ілінген? Балалар суретшінің нені шатастырғанын табады. | Жаңа жылда біз нені айналып ән шырқаймыз? Жаңа жыл мерекесі қыс мезгілінде тойланады. Жаңа жылда жасыл шыршаны безендіріп, ойыншықтармен сәндейміз. Жаңа жыл мерекесі отбасылық мереке. Әндер айтып, би билейміз. Жаңа жылда біз достарымызға, жақындарымызға сыйлықтар сыйлаймыз.<br>**Жапсыру**<br>Қима қағаздарды пайдаланып , қолғап жапсыру.<br>-Балалар, біз қыс мезгілінде қолымызға не киеміз?<br>-Қысқы киімдерді көрсетіп таныстыру.<br>Сурет бойынша жұмыс жүргізу. | Сендер жаңа жыл мерекесін жақсы көресіңдерме?<br>Жұмбақ жасыру:<br>Тікен-тікен тік пісте,<br>Қысы-жазы бір түсте<br>Ол не? (Шырша)<br>Мултфильм көрсету: «Маша мен аю»<br>Д/о: «Геометриялық пішіндерден шырша құрастыру»<br>Ұжымдық жұмыс.<br>**Математика негіздері**<br>Логикалық ойын: «Көлеңкесін тап»<br>Мақсаты: Берілген жаңа жылдық ойыншықтардың суреттерін тауып сызу. Ойлау қабілеттерін дамыту | торғайларды мүсіндеу.<br>Торғай турплы тақпақ айтқызу.<br>**Құрастыру**<br>**-**Қалдық материалдардан қыстап қалған құстарға ұя құрастыру. | материладрмен жұмыс.<br>**Қоршаған ортамен таныстыру**<br>Қыс мезгіліндегі өзгерістер (аяз, қар жауу, өзендер мен су қоймаларына мұз қату, қарлы жер, жапырақсыз ағаштар мен бұталар, жануарлардың қыс мезгіліндегі тіршілігі), қыс мезгіліне тән ерекшеліктер туралы түсінік қалыптастыру. |
| **Балалармен жеке жұмыс** | **Шығармашылық дағды:**<br>*Досжан*<br>әртүрлі түстегі және пішіндегі бөлшектерден қарапайым құрылыстар тұрғызады;<br>ұжымдық құрылыс жасауға қатысады; | **Физикалық қасиеттерді дамыту дағды:**<br>*Хан-Султан*<br>бір-бірден сапқа, шеңберге тұрады, сапта өз орнын табады. | **Танымдық дағды:**<br>*Азалия*<br>біртекті заттарды топтастырады және олардың біреуін бөліп көрсетеді;<br>қоршаған ортадан бір немесе бірнеше бірдей затты табады; | **Комуникативтік дағды:**<br>*Жантөре*<br>таныс ертегілер мен шағын шығармалардың мазмұны бойынша сұрақтарға жауап береді, мазмұнын өз бетінше қайталап айтады. | **Шығармашылық дағды:**<br>*Абылайхан*<br>Музыканың басталуы мен аяқталуына сәйкес қимылдарды орындайды. |
| **Серуенге дайындық** | 1.Сөйлеуді дамыту-коммуникативтік әрекет;<br>2.Дене шынықтыру-коммуникативтік , ойын әрекеттері , қимыл белсенділігі. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Серуен** | Қимылды ойын: «Зырлайды шанамыз» \ дене шынықтыру**\ | Қимылды ойын: «Көлеңке» \ дене шынықтыру**\ | Қимылды ойын: «Қатырамын» \ дене шынықтыру**\ | Еркін ойындар:шанамен сырғанау,қар лақтыру,аққала жасау. дене шынықтыру**\ | Қимылды ойын: «Қасқыр мен қойлар» \ дене шынықтыру**\ |
| **Балалардың үйге қайтуы.** | Дәрігер кеңесі : «Тазалық- денсаулық кепілі» (жеке бас гигиеналарын сақтау) | «Қыс мезгілі» тақырыбында суреттер | Ата-анаға арналған кеңес: «Баланы қыс мезгіліне қалай киіндіру керек?» | Ата-аналарға кеңес: «Баланың үйдегі күн тәртібін ұйымдастыру» | Ата-анасымен бірге демалыс күндерін ұйымдастыру. |

**Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы**

**Білім беру ұйымы «Мадагаскар» жеке балабақшасы**

**Топ: «Айгөлек» ортаңғы тобы.**

**Балалардың жасы: 3- жас**

**Тәрбиеші: Куангалиева З.Е**

***Жоспардың құрылу кезеңі:*** **Қаңтар айы 02-06.01.2023ж**

| Күн тәртібінің үлгісі | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | **Шығармашылық, коммуникативтік, танымдық әрекет** (Қабылдау: балаларды тексеру,оларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу. Балалар үшін жайлы жағдай жасау. Баланың бүгінгі көңіл күйі, оны не қызықтыратыны туралы сұрау.<br>«Айгөлек» әнімен жақсы көңіл күймен қарсы алу | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Ата-аналарға кеңес:<br>«Баланың үйдегі күн тәртібін ұйымдастыру»<br>Ата-анаға жұмыс: «Отбасындағы ата-ананың тәрбиесі» | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | | | **Коммуникатив тік ойын әрекет**<br>Жаңылтпаш , мақал –мәтел кітаптарын бірге қарау. | **шығармашылық, коммуникативтік, ойын әрекеті**<br>Қысқы табиғат ағаштың суретімен жұмыс жүргізу.<br>Ағаш туралы тақпақ айту.<br>Сөздік минимум: қыс,аяз<br>**Қазақ тілі*** ** | **шығармашылық, коммуникативтік, ойын әрекеті** (кітаптар қарау);<br>жаңылтпаштан жаңылмаймыз.<br>Жаңылтпаш жаттату.<br>Ұқыпты бала<br>Кітапты түптеп тастады.<br>Ұқыпсыз бала<br>Кітапты бүктеп тастады |
| **Таңертеңгі жаттығу** | Таңертеңгі жаттығу. № 5 Қыс Құралсыз | | | | |
| | (Дене шынықтыру**)<br>Колланада жүру.Жеңіл жүгіру .Бағыт өзгертіп бірінші және соңғы балның артынан жүру. (бағытты 3 рет өзгерту.)Звеноға тұру.<br>Жалпы дамыту жаттығулары<br>«Иығымызды жылжытайық» Б.қ:аяқтары сәл алшақ қойылған , қолдары сәл алшақ қойылған, қолдары жандарында.Қолдарын айқастырып иықтарына апарып «ух»деп айтып, б.қ келу. 6 рет қайталау. | | | | |
| **Таңғы ас** | **коммуникативтік, өзіне-өзі қызмет көрсету** (таңғы ас алдында гигиеналық шараларды орындау, көркем сөз қолдану)<br>**коммуникативтік,танымдық, еңбек әрекеті**(кезекшілердің әрекеті)<br>**коммуникативтік, танымдық әрекет**(тамақтану)Таңғы астың құамымен таныстыру.Тағамдардағы витамендермен таныстыру. | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | 02.01.2023ж | 03.01.2023ж | **Шаттық шеңбері:**<br>Біз қандаймыз, қандаймыз,<br>Шұғылалы таңдаймыз!<br>Күлімдеген күндейміз!<br>Еш уайымды білмейміз | **Суреттер топтамасын қарау.**<br>«Қыс мезгілі » картиналар топтамасына суреттер қарастыру.<br>Сөздік минимум:боран, аяз<br>**Қазақ тілі*** ** | **Артикаулациялық жаттығулар орындау.** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | | | **Дене шынықтыру**<br>**Кіріспе бөлімі:** Сапта бір-бірінің жанына тұру, сәлемдесу. Бір-бірінің артынан бірқалыпты жүгіру.<br>**Негізгі бөлімі:**<br>1. Жалпы дамыту жаттығулары. (9-кешен).<br>2. Негізгі қимылдар: Бір орында тұрып қос аяқпен секіруге, алға қарай ұмтыла қос аяқпен затқа дейін (10-15 сантиметр) секіру.<br>Спорттық жаттығулар: Шанамен сырғанау: шанаға отырып, төбешіктен сырғанауға, шананы жібінен сүйретуге, ойыншықтарды шанамен сырғанатуға үйрету.<br>3. Қимылды ойын: : «Күн мен түн». Мақсаты: ойындарда жетекші рөлді орындауға үйрету және ойын ережелерін саналы түрде сақтауға баулу.<br>**Қазақ тілі**<br>**Суретпен жұмыс.**Қыс мезгілі ерекшеліктері туралы әңгімелеу.<br>**Мақсаты:** сұрақтарға жауап беруге, оларды жай сөйлемдермен сипаттап айтып беруге баулу<br>3. **Дыбыстық жаттығулар:** ыс- ыс- қыс, ан-ан -боран, яз-яз-аяз<br>4. **Сергіту сәті.** Тербеледі ағаштар,<br>Алдымен жел еседі.<br>Кіп-кішкентай балалар,<br>Үп-үлкен боп өседі.<br>5. **Ойын:** «Тыңда, көрсет, қайтала» **Мақсаты:** өзіне айтылған сөзді тыңдау және түсінуді дамыту. | **Сөйлеуді дамыту**<br>Шаттық шеңбері<br>Өлең айтып, ән салып,<br>Асыр салып, қуанып,<br>Бақшада біз жүреміз,<br>Досымызбен шаттанып!<br>Жұмбақтар шешу арқылы ойлау, қиялдау қабілеттерін арттыру. Аңдарды қорғап қамқорлық жасауға тәрбиелеу. Сурет бойынша әңгіме.<br>**Көркем әдебиет**<br>«Түлкі мен құмыра»ертегісін оқып беру.Ертегі мазмұнын түсіндіру.<br>Сұрақ-жауап.<br>Балалар, ертегіде қандай кейіпкерлер бар?<br>-Түлкі мен тырна ертегісі ұнады ма?<br>Балалардың жауаптарын тыңдау.<br>Ертегі желісін видео көрсету.<br>**Қоршаған ортамен таныстыру**<br>Жабайы жануарларды танып, атай білуді және сыртқы ерекшеліктерін ажырата білуді, олардың қимылдарына еліктеп жаттығулар жасауды (қоян болып секіру, аюдай қорбаңдап жүруді) үйрету.<br>Жабайы жануралардың қысқы тіршілігі туралы слайд көрсетіп түсіндіремін.<br>Дидактикалық ойын: «Қорегін тап»<br>Мақсаты:Балаларға жануарлардың немен қоректенетінін түсіндіру.Ойлау қабілетін | **Дене шынықтыру**<br>**Кіріспе бөлімі:** Сапта бір-бірінің жанына тұру, сәлемдесу. Бір-бірінің артынан бірқалыпты жүгіру.<br>**Негізгі бөлімі:**<br>1. Жалпы дамыту жаттығулары. (9-кешен).<br>2. Негізгі қимылдар: көлбеу тақтайдың бойымен, доғаның, гимнастикалық скамейканың астынан өту; тура жолмен, сызықтармен шектелген (ені 20-25 сантиметр, ұзындығы 2-2,5 метр) жіптің бойымен жүру.<br>3. Қимылды ойын: : «Өз орындарыңа барыңдар!». Мақсаты: ойындарда жетекші рөлді орындауға үйрету және ойын ережелерін саналы түрде сақтауға баулу.<br>**Сөйлеуді дамыту**<br>Сурет бойынша әңгіме.<br>«Жабайы жануарлар» картиналар топтамасына суреттер қарастыру.<br>**Көркем әдебиет:**<br>«Арыстан күшігін асыраған мысық» ертегіні оқып беремін.<br>Шаттық шеңбері<br>Демонстрациялық материалдармен жұмыс.<br>Ертегі мазмұнын сұрап қорытындылаймын.<br>-Ертегі де қандай кейіпкерлер бар?<br>Қорытынды:<br>Ұйымдастырылған оқу қызметіне жақсы қатысқан балаларды мадақтау. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | 6. **Үлестірмелі материалдармен жұмыс.**<br>Балалар қыс мезгілінде қандай өзгерістер болады?<br>Суреттерді ретімен қойып шығайық.<br>Суреттер арқылы жаңа сөздерді қайталайды.<br>7. **Ойын:** «Түстерін ата»<br>Күтілетін нәтиже: қыс мезгілін толық ажыратып қай мезгілдер екенің атай алады<br>**Сөйлеуді дамыту**<br>Шаттық шеңбері:<br>Ормандар, жап-жасыл ормандар,<br>Орманды отаушы болмаңдар!<br>Отан мен орман жұп, бір ұғым,<br>Орманды, Отанды қорғаңдар!<br>Сурет бойынша әңгімелесу. Аудио таспадан жабайы жануарлардың дыбысын тыңдату.<br>Д/о: «Дауысын таны»<br>Жұмбақ жасыру:<br>Тәтті көрсе бас салар,<br>Айнымайды баладан (Аю)<br>Қостілдік компонент: Жабайы жануар-дикие животные.<br>**Көркем әдебиет**<br>«Қонжық» өлеңін оқып беру. Өлеңнің мазмұнын түсіндіру.<br>Қорбаң,қорбаң етеді,<br>Тәттіні жақсы көреді,<br>Қазір де ол бүлдірген<br>Іздеп жүр ме, кім білген?<br>**Қоршаған ортамен таныстыру**<br>Жұмбақ жасыру | дамыту.<br>**Құрастыру**<br>Сулық жұмсақ қағазды үзіп алып, алақан арасына салып, умаждап, жұмсартып, оны домалақтайды.Балалардың іс-әрекетіне көмек көрсетіліп, оны қағаз бетіне қалай орналастыруға болатынын қадағалаймын..Балалардың қағазды умаждауда қол, саусақ қимыл- қозғалыстарын қадағалау.<br>Умаждалған қағаздан түлкіні бейнелеп құрастыру.<br>**Математика негіздері**<br>Сан мен цифрды сәйкестендіру. Шар, текше, цилиндр.<br>Геометриялық пішіндермен таныстыру.<br>Балалармен бірге «Шариктер»атты саусақ жаттығуын орындаймын. Екі қолымыздың саусақтарын шөкімдеп, ұштарын бір - біріне тигіземіз.<br>Шарды үрлейміз.<br>Үрлегенде қандай қимыл жасаймыз тура сондай қимыл жасалады.<br>Шар жарылды. Саусақтар бастапқы қалпына келді.<br>Жеке жұмыс.<br>Қорытынды: Сұрақ-жауап әдісі арқылы ұйымдастырылған оқу қызметін қорытындылау. | **Математика негіздері**<br>Логикалық ойын: «Көлеңкесін тап»<br>Мақсаты: Берілген жануарлардың суреттерін тауып сызу. Ойлау қабілеттерін дамыту.<br>**Жапсыру**<br>Балаларды орманға саяхатқа шақырамын.<br>Ұшақпен ұшып баруға ұсыныс жасаймын.<br>-Балалар, міне, біз ормандағы алаңқайдамыз. Мына жерде нелердің суреті бейнеленген? (Жабайы аңдар және олардың төлдерінің суреттері.)<br>-Қандай орман тұрғындарын білесіңдер?<br>Сөздік жұмыс: орман тұрғындары.<br>Қараңдаршы, суретте қандай жануар артық?<br>-Суретте неге ол артық?<br>Жұмбақ жасырамын:<br>Өзі шіркін, өзі қу.<br>Жүрген жері айқай-шу.<br>-Балалар, бүгін біз түлкінің апликациясын жасаймыз. Балабақшаға қайту қажеттігін еске түсіреді.<br>Үлестірмелі материалға назарларын аударады, суретті көрсетемін.<br>-Түлкінің денесі, түсі қандай?<br>Жұмыстың жасалу ретін түсіндіреді.<br>-Үлкен үшбұрыштан денесін жасаймыз, бұдан кішірек үшбұрышты алып, түлкінің басын жасаймыз. Енді құлақтарын желімдейміз. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | Өзі айлакер,өзі қу,<br>Жүрген жері айқай шу (Түлкі!)<br>Төрт түліктін жауы,<br>Түзде жүрер көк сері. (Қасқыр)<br>Тосын сәт:Қоян келеді<br>Сурет бойынша әңгімелесу.<br>К/о: «Көлбең-көлбең көлеңкем»<br>М/ы: аңдардың жүрісін сала білуге.ажыратуға үйрету.<br>**Құрастыру**<br>Қима суреттерден аюды және қоянды құрастыру.<br>**Математика негіздері**<br>Д/о: «Кім не жейді»<br>М/ы:логикалық ойлауды,сурет бойынша сөздік қорларын дамыту. | | Түлкіміз қандай көңілді болып шықты!<br>-Түлкі туралы қандай ертегі білесіңдер? Мен сендерге ертегілерден үзінді оқимын, сендер қандай ертегі екенін еске түсіріп, айтыңдар.<br>Қорытынды: Балалардың жасаған жұмыстарын көрмеге қоямын.<br>**Мүсіндеу**<br>Ермексазды алақан арасына есу арқылы аюды мүсіндеу.<br>Қимылды ойын: «Аю тұршы»<br>Мақсаты: қимыл қозғалыстарын дамыту.<br>**Сурет салу**<br>Балауыз шаммен аюдың суретін салу.<br>Балалардың салған суреттерін бағалап, жұлдызша беру. Көрме ұйымдастырамын. |
| **Серуенге дайындық** | Киімдерін рет ретімен киінуін қадағалау.<br>Ұқыпты киіне білуге, бір- біріне көмектесе білуге үйрету.<br>Сыртқы киімдерін ауыстырып киюді қадағалау.<br>Балалалардың серуенге деген қызығушылықтарын туғызу,<br>Дұрыс киіну дағдылары туралы әңгімелесу. | | | | |
| **Серуен** | | | Картотека № 11 | Картотека№ 4 | Картотека№ 9 |
| **Серуеннен оралу** | Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. санамақтар және әндер т.б. жаттау **(көркем әрекет, дербес ойын әрекеті).** | | | | |
| **Түскі ас** | Нан-ардақты асыл ас,<br>Кәрі-жас одан аттамас.<br>Ақ дастархан үстінде.<br>Қол жумас оны ұстамас<br>(Қазақ тілі***)<br>Үстел басында тамақтану ережесін қадағалау. | | | | |
| **Күндізгі ұйқы** | Тамақтан соң ауыздарын сумен шаюды үйрету.<br>Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағыту. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. (**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)** | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау.<br>Электронды кітаптан ертегі қойып беру **(көркем әрекет)** | | | | |
| **Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары** | Ұйқыашар жаттығулар кешені №5<br>Топқа киетін киімдерін дұрыс кигізіп, түймелерін өзбеттерімен тағуларын қадағалау.<br>Қолдарын жуу.құрғатып сүрту, сүлгіні дұрыс іліп қоюды үйрету.**(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Бесін ас** | Балалардың назарын тағамға аудару;Тамақтың құрамымен таныстыру. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | | | **Сурет салу**<br>Жұмбақ жасыру:<br>Ұзын құлақты, жылдам аяқты,<br>Сәбізді жақсы көретін ол не?<br>(Қоян)<br>Жұмыс барысын түсіндіру.Қоян туралы мәлімет айту.<br>Сергіту сәті:<br>Ұзын құлақ сұр қоян,<br>Естіп қалып сыбдырды<br>Ойлы-қырлы жерлермен,<br>Ытқып-ытқып жүгірді<br>Практикалық жұмыс.<br>Қылқаламды пайдалану арқылықоянның суретін бояту.<br>**Жапсыру**<br>Қағазды жырту арқылы қоянды бейнелеп жапсыру.<br>**Мүсіндеу**<br>Ермексазды есу арқылы қоянды мүсіндейді.<br>Демонстрациялық материалдармен жұмыс.<br>Жабайы жануарлар туралы слайд көрсету.<br>Балалардың жасаған жұмыстарын бақылау. Жеке жұмыс жүргіземін.<br>Көрме ұйымдастыру. | **Жапсыру, сурет салу**<br>«Аюдын тіршілігімен таныстыру»<br>Жазда аю кез келген жерден өзінің қорегін таба алады.Өсімдікпен қатар жануарлар етімен де қоректенеді. Аюлар жөп жегенде, сиыр сияқты жайылады.<br>Демонстрациялық материалдармен жұмыс<br>Д/о: «Қорегін тап»<br>Шығармашылық жұмыс<br>Аюды бейнелеп жапсырып жұмыстану<br>Қорытынды: Балалардың жасаған жұмыстарын көрмеге қойып бағалау.<br>Жақсы жұмыстанған балаларды мадақтау.<br>**Мүсіндеу**<br>Жұмбақ жасыру<br>Өзі айлакер өзі қу,<br>Жүрген жері айқай шу<br>Түлкі<br>Түлкі туралы мәлімет<br>Видеоролик көрсету.<br>Жұмыстың жасалу бағытын көрсетіп жұмыстанамын.<br>Ермексазды алақанмен есу арқылы түлкіні бейнелетіп жұмыстану.<br>Сұрақ-жауап.<br>Дидактикалық ойын:<br>«Ізін тап» | **Қоршаған ортамен таныстыру**<br>Балалар, қазір жылдың қай мезгілі ?<br>-Дұрыс. Қыс.<br>- Қыс мезгілінде қандай ерекшеліктері бар?<br>- Қыс – суық, аязды болады, қар жауады, қырау тұрды ағаштарда .<br>Демонстрациялық материалдармен жұмыс.<br>Жабайы жануарлар туралы видео көрсетемін.<br>Дид к ойын «Ізін тап»<br>Қорытынды:<br>Ұйымдастырылған оқу қызметінен алған әсерлерін сұрап ,жақсы қатысқан балаларды мадақау.<br>**Құрастыру**<br>Жабайы жануарларға арналған қоршау құрастыру.<br>Қалдық материалдарды пайдалынып жұмыстану.<br>-Балалар, хайуанттар бағында жабайы жануаларды не үшін қамап қояды?<br>Өйткені адамдардарға зиянын тигізбеу үшін қамап қояды.<br>Біздер бүгінгі іс –әрекетімізде жабайы жануарларға арналған қоршау құрастырамыз. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | Қорытынды:Балалардың жасаған жұмыстарын көрмеге қою. | |
| **Балалармен жеке жұмыс** | | | **Танымдық жәнезияткерлік дағды**<br>*Асанәли*<br>заттардың көлемін, түсін және пішінін білдіретін сөздерді түсінеді;<br>заттардың санын ажыратады | **Физикалық қасиеттерді дамыту**<br>*Алан*<br>ересектермен бірге дене жаттығуларын орындай алады | **Танымдық жәнезияткерлік дағды**<br>*Беназир*<br>заттардың көлемін, түсін және пішінін білдіретін сөздерді түсінеді;<br>заттардың санын ажыратады |
| **Серуенге дайындық** | **1.Сөйлеуді дамыту-коммуникативтік әрекет**<br>**2. Дене шынықтыру- коммуникативтік ойын әрекет.** | | | | |
| **Серуен** | | | Қимылды ойын: «Қатырамын»<br>\дене шынықтыру **\ | Қимылды ойын: «Торғайлар мен автомобиль»<br>\дене шынықтыру **\ | Қимылды ойын: «Зырлайды шанамыз»<br>\дене шынықтыру **\ |
| **Балалардың үйге қайтуы.** | | | Дәрігер кеңесі :<br>«Тұмаудан сақтанайық»<br>(екпе туралы кеңес) | Психолог кеңес:«Баланың топтағы достарымен қарым қатынасы» | Ата-анасымен бірге демалыс күндерін ұйымдастыру. |

**Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы**

**Білім беру ұйымы «Мадагаскар» жеке балабақшасы**

**Топ: «Айгөлек» ортаңғы тобы.**

**Балалардың жасы: 3- жас**

**Тәрбиеші:АхметқалиеваА.А**

**Жоспардың құрылу кезеңі: Қаңтар айы 09-13.01.2022ж**

| Күн тәртібінің үлгісі | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | **Шығармашылық ,коммуникативтік танымдық әрекет.** Қабылдау, балаларды тексеру. Көтеріңкі көңіл –күймен қарсы алу. Балалар үшін жайлы жағдай жасау. «Көңілді күн» әнімен қарсы алу. | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Ата-анамен жұмыс:Баланың үйдегі күн тәртібі туралы әңгімелесу.<br>Ата-анаға кеңес. «Тазалық-денсаулық кепілі» | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | **Құрастыру, танымдық әрекет**<br>«Жыл мезгілі»<br>М\ы: суреттер бойынша, жыл мезгілдерін атап ажырата білуге үйрету<br>Сөздік минимум: ауа,қар<br>**Қазақ тілі*** ** | **Шығармашылық, коммуникативтік ойын әрекет**<br>Кітаптар қарау. Кітап ұстау ережесімен таныстыру. | **Шығармашылық,коммуникативтік әрекет**<br>«Бұл қай кезде болады?<br>Мақсаты: жыл мезгілінің өзіндік ерекшеліктерін атай білуге үйрету.<br>Сөздік минимум: жел,суық<br>**Қазақ тілі*** ** | **Еңбек, коммуникативтік әрекет**<br>Бөлме гүлдеріне күтім жасау.Жапырақ тарының шаңын сүрту. Су құю.<br>Сөздік минимум:гүл,жапырақтар<br>**Қазақ тілі*** ** | **Коммуникативтік ойын әрекет**<br>Жаңылтпаш , мақал – мәтел кітаптарын бірге қарау |
| **Таңертеңгі жаттығу** | Таңертеңгі жаттығу. №5 Құралсыз | | | | |
| | Жалпы дамыту жаттығулары:<br>«Аяғымызды жылтамыз»Б.қ:аяқтары сәл алшақ қойылған , қолдары төменде.Сол (оң) тізені көтеріп «хлоп» деп айтып соғу.б.қ. келу. 6 рет қайталау. | | | | |
